

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 256 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 10 наурыз N 314. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.07.12. N 1063 қаулысымен

Қазақстан Республикасының паспорт жүйесін одан әрі жетілдіру, жеке басты куәландыратын құжаттардың қолдан жасалуынан қорғалуын арттыру және оларды ішкі істер органдарының беруін реттеу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 256 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы Ережеге /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 10, 124-құжат/ мынадай толықтырулар енгізілсін:

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке бас куәлігін жоғалтқанда немесе ол пайдалануға жарамсыз болып қалғанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан адамдарға, олар жаңа құжаттар алғанға дейін, уақытша жеке бас куәлігі беріледі".

9-тармақтың соңғы абзацы нүктеден кейін мынадай сөздермен толықтырылсын:

"Паспорттың қолданылу мерзімі, ол туралы төлқұжаттың 30 бетінде тиісті жазба жасалып, алты айға бір рет ұзартылуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бір ай мерзімде уақытша жеке бас куәлігінің үлгісін әзірлеп, бекітсін, оның дайындалуын өзінің қаражаты есебінен қамтамасыз етсін. Азаматтардан алынатын уақытша жеке бас куәліктерінің құны, Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке бас куәліктерінің құнымен тең белгіленсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК